

УНИВЕРСИТЕТ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА НҰСҚАСЫ

Кез келген елдің зиялы қауымының өкілдері университет қабырғасында қалыптасатындықтан жоғары білім беру мектебіне көптің көңілі жиі ауады. Ал, бүгінгі таңда Қазақстандағы жас буын үшін университет мәртебесіндегі жоғары оқу орнын таңдаудағы мүмкіндік өте жоғары. Бүгінде бұл салада бәсекелестік өте жоғары.

Бәсекелестік дегеннен шығады, таяуда Қазақстан Республикасы, Білім және ғылым министрлігі отандық жоғары білім беру орындарының алдына басқарудың ең жаңа әдістерін пайдалана алатын жоғары тиімді жүйе жасау жөнінде мәселе қойды.



Жоғары оқу орнын басқару сапасын көтеру мәселесі, әдетте, Қазақстанның жетекші ЖОО-да Бақылау кеңесін ұйымдастырумен байланысты болып келеді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мұндай стратегиялық бастамасындағы ең басты мақсаты қоғам мүшелерін ЖОО-ның басқару ісіне қатыстыра отырып, жоғары білім беру орнының бағыт-бағдарын айқындау және мамандардың сапасын көтеру мақсатында көмек көрсетуге бағытталған.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мемлекеттік ЖОО арасында Бақылау кеңесінің жұмысы қалыптасқан бірден-бір оқу орны болып табылады. Басқару жүйесінің басты ұстанымы, бұл кеңесті ректораттың шешімімен келісіп қана отыратын жасандылықтан таза орган етіп құру болатын. Сондықтан да Кеңестің құрамына сенатор Әли Бектаев, Мәжіліс депутаты Уәлихан Бишімбаев, ҚР БЖҒМ-нің Балалар құқығын қорғау жөніндегі комитетінің төрайымы Зәбира Оразөліева, облыс әкімінің орынбасары Сапарбек Тұяқбаев, «КазАтомпром» АҚ-ның кеңесшісі Болат Жылқышиев сынды танымал кісілер тартылды. Сонымен бірге кеңес жұмысын «Саутс Ойл» ЖШС-нің президенті Серікжан Сейітжанов, «ARNA Petroleum» ҰК төрағасы Арман Жетпісбаев, Цесна Банктің ОҚОФ-ның директоры Нұржан Көлбаев ширата түседі. Осындай Бақылау кеңесімен бірлесе жүргізген жұмыстың жемісті боларына университет ұжымы үлкен сенім артады. Кеңес жұмысының маңыздылығын оның құрамындағы Ұлттық Ғылым Академиясының академиктері Әбдуәлі Баешов пен Лесбек Төшімов және Мұрад Отыншиев секілді инновация жүйесінде тәжірибе жинақтаған кәсіпкерлердің арттыра түсері даусыз.

Кәсіпкерлердің ұлттық палатасының өкілдері Нұржан Әлтаев пен Жәнісбек Дулатовтың, сонымен қатар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Қанатбек Оспанбековтің, Оңтүстік-Батыс мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-дің бас директоры Нұржан Әжіметовтің кеңес жұмысына атсалысуы өз жемісін беріп үлгерді.

Айталық, Түлкібас ауданындағы аграрлық сала мамандарына арналған тәжірибелік - өндірістік шаруашылығының дамуы, Шымкент қаласы индустриаландыру аумағында ОҚМУ студенттеріне дуальді білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуы осы кеңес мүшелерінің қолдауымен іске асып отыр.

Арнайы тоқталып өтетін жай, аталған Бақылау кеңесінде университеттің даңқын асырған түлегі, жоғары білім беру ісінің тәжірибелі қызметкері Досмұрат Айтқұлов, Ауыл шаруашылығын қолдау қоры басқармасының төрағасы Нұрмахан Сарыбаев жұмыс жүргізеді. Әрине, олардың өздері ұшқан ұя — білімнің қарашаңырағының беделі биік, абыройы асқақ болуына бар күш-жігерін аямайтыны сөзсіз.

ҚР БЖҒМ ұйымдастырған Назарбаев университеті мен Кембридж университетінен Кеңес

мүшелерінің тәлім-тәрбие алуы олардың өз жұмысын әлемдік тәжірибе деңгейінде ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Уәлихан Бишімбаевтың төрағалық етуімен өткен Бақылау кеңесінің бірінші мәжілісі бұл органның алқалық басқаруда аса белсенді өрі жоғары оқу орнының әлеуметтік жағдайының жоғарылай түсуіне мықты баспалдақ боларын танытты. Білім шаңырағының әлеуетімен таныс, білгір ғалым Уәлихан Бишімбаев кеңес жұмысын жоғары кәсіби деңгейге көтере отырып, нәтижелілігін арттыратын бағыт-бағдар ұсынды. Кеңес отырысында университетке қаржы менеджментінің жаңа моделін енгізу, сондай-ақ әр бөлім басшысының жауапкершілігін жоғарылату бастамасы көтерілді.

Университеттің жаңаша даму кезеңін айқындайтын Кеңес жұмысының бүгінгі таңда маңызы арта түсуде. Осы орайда Кеңес кәсіпкерлік университетін трансформациялауды және оның ізденіс әлеуетін күшейтуді көздейтін ЖОО-ның жаңаша даму стратегиясына қолдау танытты.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Бақылау кеңесі мүшелерінің кәсібилігі мен мол тәжірибелілігінің арқасында алқалық органның әр шешімінен Қазақстанның жетекші ЖОО-ның бірі болып танылатын білім орнының даму жолындағы стратегиялық бағыт-бағдары айқындалады. Өз жұмысын нақты өмірге неғұрлым жақындата түсу мақсатында оның құрамында тиісті бөлімдері бар кеңесте көтерілген мәселелерді жедел шешуде тұрақты жұмыс істейтін ЖОО-ның қызмет бағыты жөніндегі комитет құрылған. Тәжірибелі мамандар басқаратын бұл комитет стратегиялық дамуы, академиялық саясат жағынан алғанда түлектер және қоғаммен араласа отырып, өндіріспен байланыс жасайды.

Отандық жоғары мектептегі басқарудың алқалық нұсқасы алғашқы қадамдарын жасаумен қатар тәжірибе жинақтап, кеңестің басқа университеттермен, сыртқы ортамен өзара іс-қимыл жасаудың аса тиімді нұсқаларын қарастыру үстінде. Әрине, құқықтық аймақ құрып, кеңестің өкілеттігін кеңейту үшін әлі де көп жұмыс күтіп тұр. Алайда, ең бастысы, Бақылау кеңесінің мүшелері жұмыс берушілердің, студенттердің тұтас қоғамның алдындағы жауапкершіліктерін терең түсінеді, алдына қойып отырған жоспар-жобалары да ауқымды.

Ұжымның идеясын жүзеге асыру үшін еліміздің оңтүстігінде ұлттық ғылыми-білім беру орталығы деңгейінде жұмыс жүргізетін аса қуатты, заманауи жаңаша университет болуы тиіс. Кеңестің барлық мүшелері осы мақсатты қолдап, зор талаппен ортақ мүдде үшін жұмысқа жұмыла түсуде.

*Жұмахан МЫРХАЛЫҚОВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚМУ-дің ректоры,
Бақылау кеңесі
төрағасының орынбасары.*